## Меңгеруші жанындағы кеңе

## Хаттама №01

Мерімі: 06.09.2021жыл Қатысқандар: 11

**Күн тәртібінде**

1. Құжаттарды реттелу сапасын тексеру.
2. Топтардың жабдықталуы.
3. Бөбекжай балабақшасындағы жалпы ата аналар жыналысы және топтардағы ата аналар жиналысының өткізілуі туралы.
4. Баяндама «Мектепке дейінгі баланың бейнелеу өнерін дамыту»
5. Танертеңгілік жаттығудың өткізілуі,дене шынықтыру оқу қызметінің ұйымдастырылуы .

**Тыңдалды:** 1-мәселе бойынша бөбекжай балабақша меңгерушісі Ахмебекова Г құжаттардың жүйелігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғні балабақша тәрбиеленушілерінің және қызметкерлердің өздеріне тиісті журнал, іс қағаздарының күнделікті оқу қызметінің кестесі, айлық, жылдық жоспарларының,тәрбиеленушілердің жеке іс құжаттарын дұрыс жинақталғанын айтты.

**Тыңдалды:** 2-Мәселе бойынша шаруа меңгерушісі Жаңа оқу жылының басталуына байланысты жұмыстар жүргізілді.Әр топтың тазалығы,мүліктердің сапалығы,ыдыс,төсек орындарының жайлылығы ретке келтірілді.Алдымен топтардағы жихаздардың құрылымы, орналасуы, бүтіндігі қаралды. Ыдыс аяқтың аяқтың толықтығы,біраз ыдыстар ауыстырылды. Жатын бөлмелердің жарығы, балаларға ыңғайлы болуы қадағаланды.Топтарға бөлме гүлдеріні көбейттік.Даму бұрыштарын ойыншықтармен толықтырдық.

**Сөз сөйледі:** 3-мәселе бойынша балабақша әдіскері Алиханова А жалпы ата аналар жиналысы жылдық жоспарға сәйкес қыркүйек айында өткізілуі керек. Елдегі індет әлі толық жойылмаған себебті жалпы ата- аналар жиналысы,топтық жиналыстар WhatsApp желісі арқылы видео жене дауытық хабарлама жіберу арқылы ұйымдастыру жоспарланып тұрғанын айтты.

**Тыңдалды:**

4-мәселе бойынша тәрбиеші Оразова Н «Мектепке дейінгі баланың бейнелеу өнерін дамыту» тақырыбындағы баяндамасынан үзінділер оқып пікр бөлісті. Сурет салу балаға зор қуаныш сыйлайтынын жағымды көңіл күй қалыптастыратынын айытты.Бейнелеу оқу қызметі басқа оқу қызметтері тығыз қарым қатынаста болу керек. Мысалы:сурет оқу қызметінде дөңгелекке ұқсас заттарды салған кезде матиматика негіздері оқу қызметінде шеңбер мен таныстыру,сөйлеуді дамыту оқу қызметінде доп туралы тақпақ жаттатқызу, мүсіндеу қызметінде доптарды мүсіндеу ұсынылсадөңгелек туралы түсініктері жақсы қалыптасады. Дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолдануды қолдаймын, жіппен, алақан, саусақ бастыру тәсілдерін қолдану керек. Балалар үшін құммен сурет салу өте қызық екнін бәріміз білеміз. Бізде осындай қызықты оқу қызметтерін ұйымдастырып

балалардың іскерлік қабілетін дамытып, эстетикалық талғамын, шығармашылығын дамытуға ықпал жасайық деді тәрбиеші.

**Сөз сөйледі:**

5-мәселе бойынша балабақша мейірбикесі сөз сөйледі. Таңертенгілік жаттығу балалардың ақыл ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға,олардың сергек,шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығулар балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. . Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда үйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады,қабілеттері артады.Балаларды тәртіптендіреді Таңертеңгі жаттығу жасау алдында мүлде ерекше міндеттер қойылмайды, атап айтқанда бала организмін ояту,оны әрекетшіл қалыпқа келтіру. Біздің балабақшамызда да күнде үйымдасқан түрде әр топта таңғы жаттығулар өткізіледі. Ерте жас,кіші топтарда таңғы жаттығулар түрлі жан жануарларға еліктеу әдістері мен ұйымдастырып тұрады. Жаттығулар бірінші бас, мойын,иық,қол бұлшық еттеріне. Екінші: бел кеуде бұлшық еттеріне.Үшінші бөксе,сан,тізе бұлшық еттеріне жасалады. Дене шынықтыру оқу қызметі барлық топтарда оқу қызметінің жоспары бойынша тәрбиешілер өтіп жатыр деді мейіраға.

**Шешім:**

1.Топтардағы жабдықталу кемшіліктері балабақша шаруа меңгерушісі жүктелсін.

2.Ата аналар жиналысы онлайын фарматта ұйымдастырылсын.

3. Бөбекжай балабақшамыздың тәрбиеленушілеріне бейнелеу өнерін дамыту жұмыстары түрлі әдіс тәсілдер қолдана отырып жүргізілсін. (жауапты топ тәрбиешілері)

4. Таңғы жаттығуларды орындауда балалар кеңістіктегі орнын бағдарлай білуі,қимылдарды айқын,дәл, тәрбиеші үсынған екпінде ырғақта,бағытта орындау дағдыларына үйретілсін(жауапты топ тәрбиешілері)

Меңгеруші Г. Ауылбекова

Хатшы А. Алиханова

**Меңгеруші жанындағы кеңе**

**Хаттама №02**

Мерімі: 05.11.2021жыл Қатысқандар: 11

**Күн тәртібінде**

1.Тәрбиелеу және оқыту жұмысының есебі.

2. Спорттық шараларының, ойын сауықтардың жүргізілуі.

3.Тамақтың берілуін дұрыс ұйымдастырылуы.

4.Баяндама: «Баланы ойын арқылы тәрбиелеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту»

5.Алаңдағы ойын участкелерінің қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігі.

**Тыңдалды:**

1- мәселе бойынша бөбекжай балабақша әдіскері Тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілуде.Балабақшамызда топтар жас кезендеріне сәйкес құралған. Жұмыс барысында балалардың біліктері мен дағдыларының қалыптасуына ықпал жасалады. Денсаулық сақтау дағдылары мәдені гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру,дербес қимыл белсенділігі,салауатты өмір салты,коммуникативтік тілдік дағдылар:қарым қатынас мәдениеті,тілдің граматикалық құрылымы,сөйлеудің дыбыстық мәдениеті,сөздік қор,байланыстырып сөйлеу,шығармашылық пен тілдік қызмет,шығармаларды қабылдау;Шығармашылық дағдылар музыкалық әрекет,қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау, әлеуметтік дағдылар мәдениеті мінез құлық дағдылары,ересектермен және құрдастармен өзара әрекет,адамгершілік нормалары, танымдық дағдылар заттардың қасиеттерін бағдарлау,қоршаған ортаны тану,құратыру дағдылары,экологиялық мәдениет негіздері,қарапайым математикалық ұғымдар,ізденіс және эксперименттік әрекет,ақпаратпен жұмыс дағдылары әр баланың жас ерекшеліктеріне байланысты бойларына сіңдіреле жұмыс жүргізіліп жатыр.Жылдық жоспарда жоспарланған іс шаралар,ашық оқу қызметтері,ертеңгіліктер,көрме,сайыс,спорттық іс шаралар өткізілді. Атап айтсам 2021жылдың қыркүйек айында «Сыңырла күміс қоңырау»атты ертеңгілік, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліміз ана тілі күні қарсанында «Ана тілім-қазақ тілім» апталығы ұйымдастырылды. 2021жылдың қазан айында «Сиқырлы күз» мерекелік ертеңгілік, «Күз мереке -күз береке» атты көрме ата аналармен бірлесе ұйымдастырылды. Бала өмірінің қауіпсіздігіне байланысты «Өрт бала көзімен»тақырыбында көрме ұйымдастырылды.Салауатты өмір салтын үстану мақсатында «Алға балақай» спорттық жарыс ұйымдастырылды. Жалпы ата аналар жиналысын WhatsApp желісі арқылы ұйымдастырдық.Қазан айында «Өрт туралы не білеміз?»тақырыбында сұхбаттар ұйымдастырылды. «Менің ауылым» сурет көрмесі өткізілді.Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері кесте бойынша өткізілуде.Біздің балабақшамыз көрші мектептердің бастауыш сынып мұғалімдері мен қарым қатынаста.

Мерекелік іс шараларымызға мұғалімдерді шақырып тұрамыз. Тәрбиеленушілер мен мектепке танысу үшін саяхаттап тұрамыз. Оқу тәрбие процесіндегі жұмыстарды өз уағында орындаудамыз деді әдіскер.

**Тыңдалды:** 2-мәселе бойынша балабақша мейірбикесі спорттық шараларының, ойын сауытардың жүргізілуі туралы : Денсаулық және спорт күндерін өткізу балабақшаның оқу тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарына сай ұйымдастырылады. Спорттық шараларды ойдағыдай өткізу үшін спорттық құрал жабдықтартар толықтырылуда. Күннің екінші жартысында әр түрлі спорттық қозғалмалы ойындар ұйымдастырылады. Эстафеталық сайыстар өткізілді. Күнделікті ертеңгілік дене шынықтыру шаралары жасалады.Ұйымдастырылған дене шынықтыру оқу қызметі , сауықтыру шынықтыру шаралары, гигиеналық шаралар , спорттық мерекелер тұрақты жүргізілуде деді мейірбике.

**Тыңдалды:** 3-мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөйледі. Дұрыс тамақтану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі.Тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау- бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Азық – түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған,сондай ақ тағам дәмінің жоғары сапасы. Үйлесімді тамақтану тәртібі айналадағы жағдай балалардың тамақтану мәдениетін дағдылантыруға себебші болады. Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды,тамақтану қауіпсіздігін сақтау керек үнемі. Балабақшамызда бір күнде 3 рет тамақтанады. Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру өте маңызды. Мен балалардың тамақтануын ұйымдастыру процесін бақыладым. Балалардың ас құралдарын, үстелдегі сөйлесу мәдениетін, кезекшілікті ұйымдастыру, көмекші тәрбиешінің ас беру жұмыстарын бақылап дұрыс жүргізіліп жатқанын байқадым. Меңгеруші тамақтануды ұйымдастыру туралы дайындаған материалынан үзінділер оқып пікр бөлісті.

**Тыңдалды:** 4-мәселе «Балаларды ойынарқылы тәрбиелеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы баяндаманы Балабақша тәрбиешісі оқыды. Балалардың жандарына қуаныш ұялату балабақшада тәрбиешінің, үйде ата ананың көмегі қажет.Баланың рухани өміріндегі жетіспеушілікті әсіресе эстетикалық тәрбие аясындағы кемшіліктің орнын толтыру балабақшадан басталады. Баланың түйсігі мен қабылдауының дамуы тек ата анамен тәрбиешіге байланысты. Бала өзін қоршаған әлемнің сұлулығын көріп,оған сүйсіне білуі үшін бар мүмкіндікті жасаулары тиіс.Баланың қабылдауын дамытудағы жұмыстың ең қиыны,мұны режім кезендерінің тар аясына сыйғызып,немесе тек қана бейнелеу оқу қызметтеріне таңып қоюға болмайды Оқыту және ойын, ойын салдары, ойын және оқыту мақсатын құрастыру,бейнелеу әдісін көрсету, ойынның жасалуын туралы баяндамадан үзінділер оқып пікр бөлісті.

**Тыңдалды:** 5-мәселе бойынша балабақшаның шаруа меңгерушісі сөйледі.Алаңдағы ойын учаскелердің қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігі туралы айтылды. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері алдына қойылған мақсат баланың табиғы және рухани

жағынан үйлесімді дамуын қамтамасыз ететіндей өмірі мен тәрбиесіне қажетті жағдай жасау. Баланың денсаулығына қауіп төндермеу үшін ойын алаңдарының жағдайын тохталсам.Жақсы жабдықталған аумақ балалардың көп уақытын таза ауада өткізуге мүмкіндік береді. Біздің балабақшамыздың ойын алаңдарындағы ойын саймандары қауіпсіз пластиктен жасалған астында жұмсақ төсеншілері бар. Қауіпсіздік нормалары мен қағидаларды сақтау туралы бабтармен таныстырды.

**Шешім:**

1.Оқу- тәрбие жұмыстары стандарт талабында жалғасын тапсын

2.Спорттық шаралар, ойын сауытар жоспар бойынша жалғастырылсын.

3. Балабақшадағы тамақтың берілуін ұйымдастыру процесі дұрыс деп табылсын.

4. Бала өмірі және денсаулығының қауіпсіздігі үшін ойын алаңдарын үнемі бақылап ту

Меңгеруші Аҗибекова

хатшы Турдалиева

## Меңгеруші жанындағы кеңе

## Хаттама №03

Мерімі: 04.02.2022жыл Қатысқандар: 10

**Күн тәртібінде**

1.Тәрбиешілердің балаларды фильтрден өткізуге жауапкершілігін арттыру,аурып қалған балаларды дер кезінде анықтап отыру.

2.Индикаторға сәйкес балалардың құзырлы дамуының нәтижелерінің дұрыстығы.

3.Балабақша мен ата ана ынтымақтастығын нығайту арқылы құзіретті жеке тұлға қалыптастыру.

4.Жыл мезгілдеріне байланысты сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру,көркейту,көгалдандыру.

5.Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру.

**Сөз сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Арылбекова Г кеңесті ашып,күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Сөзді балабақша мейірбикесіне ұсынды.

**Тыңдалды:** мейірбике сөзінде балабақшамызда санитарлық нормаларды қатаң сақтау арқылы жұмыс жасап жатырмыз.Басты қағидалардың бірі мектепке дейінгі ұйымға таңертең баланы қабылдау кезінде медицина қызметкері мен бірге топ тәрбиешілері де баланың денсаулығын бақылауды күшейткен.Баланың бәрі күнделікті қатаң бақылаудан өтуін босастырмауымыз керек. Бала денсаулығында қиындықтар анықталған жағдайдаменгерушіге,ата анаға хабар беруге тәрбиешіге тиіс Балабақшадағы таңғы сүзгіні күшейту әр түрлі инфекцияның таралуына жол бермейді. Барлық балалардың дәрігер көрігінен өткендігін растайтын құжаты болуға тиіс екенін сіздер білесіздер деді медицина қызметкері. Тәрбиешілердің бетпердесін ауыстыру,қолғап киіп қабылдау туралы нормативтерден үзінділер оқып ескертіп өтті.

**Тыңдалды:** Балабақша әдіскері Алшанова Индикаторға сәйкес балалардың құзірлы дамуының нәтижелерінің дұрыстығы туралы айтты. Баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін әр тәрбиеші мониторинг жүргізу негізінде анықтап отырады. Денсаулық, Қатынас, Таным,Шығармашылық,Әлеумет білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық,зияткерлік және жеке қасиеттері дамуына баланың әр білім беру салалары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейінеәр топ жас ерекшеліктеріне байланысты жұмыс атқарады.Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкес екенін, мониторинг нәтижелерінде және топпен жұмыс жүргізу барысында айқындалды.

3-мәселе бойынша педагогтар өз ойларымен бөлісті.

**Сөз сөйледі:** Балалар ел болашағы келешектің иесі. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты,жан жақты жетілген, бойына ұлттық санамен психология қалыптасқан, парасатты, патриот азамат тәрбиеленіп өсіру баршамыздың міндетіміз. Ұрпақ болашағына жауапкершілікпен барынша көңіл боліп,қолдағы бар мүмкіндікті жасау біздер ата анамен педагогтардың басты байланыста жұмыс жасауды жалғастыру керек деді тәрбиеші Оразова Н

**Сөз сөйледі:** Балабақша мен ата ана ынтымақтастығы арқылы құзіретті жеке тұлға қалыптастыру үшін балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін дамытуға мән беру керек. Ата аналармен жүргізілген сұхбаттар кезінде жас ұрпақтың бойына рухани адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттерді тәрбиешілер ата аналармен бірігіп баланың бойына сіңіріп отыру керек. Балабақшамен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын балаларымыздың адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар,ұжымдық қарым қатынас,үлкендер еңбегін құрметтеу,жеке тұлға құнды қасиеттердің негізін отбасынан алады деп ойлаймын деді тәрбиеші А.Төреханова

**Сөз сөйледі:** Жыл мезгіліне байланысты сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру,көркейту,көгалдандыру туралы балабақша шаруа меңгерушісі А.Төреханова сөйледі. Алдымызда көктем,күндер жылып бастады. Бізде қажетіне қарай сенбіліктер ұйымдастырып түруымыз керек. Ауламызды тазалап, көгалдандыру жұмыстарын қолға алып қанша түп тал,қандай гүлдер егеміз солар туралы да ойласып алайық деді. Ата аналармен көшет егу акциясын ұйымдастыруды ұсынды. Патриоттық тәрбие беру туралы тәрбиешілер пікр білдірді.

**Сөз сөйледі:** Мен тәрбиемен білім беру үрдісінде балаларға патриоттық тәрбие бере отырып, Отанын, туған жерін сүйе білуге, мейрімділік,қайрымдылық,еліміздің салт дәстүрлеріне құрмет,отбасына мейрімділікті баланың бойынакүнделікті қарым қатынас барысында сіңіруге әрекет жасаймын. Күн сайын елімізді мақтап,достарымызды мадақтап сөйлеуге ықпал жасаймын.Мақсатым әр баланың жүрегінде патриоттық сезімді ояту деді тәрбиеші А.Төреханова Қалған педагогтар да өз ойларымен бөлісті.

**Шешім:**

1.Балаларды балабақшаға қабылдауды бастамас бұрын медқызметкер балабақшадағы таңғы сүзгі журналын дайындауға тиіс.

2.Балалардың құзірлы даму нәтижесі қанағаттанарлық.

3. Ата аналармен ынтымақтастықты жалғастыру.

4. Сенбіліктер қажетіне қарай ұйымдастырылсын, қажетті құрал жабдықтарды шаруа меңгерушісі жеткізсін.

5.Балаларға патриоттық рухта тәрбие беру жалғастырылсын.

Меңгеруші: Г. Ахылбекова

Хатшы: Н. Оразова

## Меңгеруші жанындағы кеңе

## Хаттама №04

Мерімі: 04.04.2022жыл Қатысқандар: 11

**Күн тәртібінде**

1.Тәрбиеленушілер және қызметкерлермен қауіпсіздік жөнінде өткізілген шаралар есебі.

2.Дидактикалық ойындар картотекасын жинақтау.

3.Жанұяның және балабақшаның әлеуметтік серіктестігінің қалыптасуы.

4. Ата аналар бұрышын талдау.

5.Топтардағы оқу қызметтерінің ұйымдастырылуы.

Меңгеруші кеңесті ашып, күн тәртібі мен таныстырды. Сөзді балабақша әдіскеріне берді.

**Тыңдалды:** Біз жылдық жоспарға сай белгіленген іс шараларымызды өткіздік Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, төтенше жағдайдағы қауіпсіз мінез- қулықтың негізгі ережелерін ұстануға үйрету. Балалар арасындағы жол көлік оқығаларының алдын алу бойынша жол ережелері көрмесі ұйымдастырылды. «Өрттен сақ бол», «Өрт туралы не білеміз» , «Қауіпсіз жол» тақырыптарында іс шаралар ұйымдастырылды. Қызметкерлермен тәжірибелік іс әрекет «Өрттен сақтандыру» өткізілді. **Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі Г.Ауылбекова дидактикалық ойындар картотекасы туралы: Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту бойында тәрбиелеудің негізин қалыптастырудың құралы ойын әрекеті,яғни ойын баланың жетекші әрекеті. Бірақ ойын тек қана балаларды қызықтырып уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып өседі. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығын асырады. Ойын дегеніміз баланың ақыл ойын дамытатын,қызықтыра отырып ойдан ойға жетелейтін,тынысы кең,алысқа меңзейтін,қиял менқанат бітіретін ғажайып нәрсе екенін барлықтарыңіз білесіздер. Ойын баланың мінез құлқын да қалыптастырады. Сол үшін барлық топта салалар бойынша дидактикалық ойындар картотекасын толықтырыңдар .Мен көріп шыққанымда картотекалар толық емес болды. Бұл картотекалар сіздерге өте қажет дүние деді меңгеруші.

**Тыңдалды:** Балабақша әдіскері Отбасы мен балабақшаның әлеуметтік серіктестігінің қалыптасуы туралы қазіргі заманда жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру әлеуметтік құрылымының ең маңызды міндеттерінің біріне айналды. Балабақша бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы Омірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті бұрышы. Баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді,ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға Баланы әр уақытта шындыққа үйрету керек. Кәзіргі таңда баланы тәрбиелеуде ата ананыңда, тәрбиеші ұстаздыңда атқаратын ролі зор. Ата ана баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап,туған туыс,Отан, Қазақстан деген ұғымдарды терең түсінгені құрметтеп

қарауға тәрбиелеу керек екенін ұғындыру. Отбасы жауапкершілігі бәрінен биік болмақ. Сондықтан ата ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. Баланың тәрбие алуына,қоғамнан өз орнын табуына балабақшадан бастап тәрбие берілуі тиіс Әрбір отбасы педагогикалық әдіс тәсілдерге сүйенгені дұрыс. Біздің балабақша ата аналармен тығыз қарым қатынаста,күн сайын түрлі сұрақ жауаптар ата анамен тәрбиешілер ортасында бала тәрбиесіне қатысты, балабақшамен ата аналардың бірлескен іс шаралары өткізілді «Сиқырлы күз», «Қазақ ұлтық бұйымдары»тақырыбындағы қол өнер көрмесіне ата аналар белсене қатысты.

**Тыңдалды:** топтардағы ата аналар бұрышы туралы меңгеруші сөз алды. «Аққу» ересек тобында ата аналар бұрышы жылжымалы папкалармен безендірілген. Ата аналар балаларының жұмысын көру үшін партфолиялар жинақталған олар қол жетімді орналастырылған. «Көгершін»тобында Ата аналар бұрышы стент түрінде дайындалған. Ата аналар үшін керекті кеңестер бар. Ақпараттық материалдар папкаларға орналастырылған

**Сөз сөйледі:** Топтардағы оқу қызметтері кесте бойынша ұйымдастырылып өткізілуде. Ашық оқу қызметінің фото альбомдары тігілген деді әдіскер.

**Шешім:**

1.Қауіпсіздік жөніндеұйымдастырылған іс шаралар жақсы деп табылсын.

2.Дидактикалық ойындар картотекалары 5 сала бойынша жас ерекшеліктерімен толықтырылып жинақталсын.

3. Отбасы мен балабақшаның әлеуметтік серіктестігінің қалыптасуы жалғастырылсын.

4. Ата аналар бұрышындағы мағлұматтар толықтырылсын.

Меңгеруші Г. Ахылбекова

Хатшы А. Тореханова

«Бибіш ана»